1162.	Адебиет Анель Ерғазықызы	Туризмнің жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері	4985
1163.	Амержан Сабира Умурғалиқызы	Гастрономический туризм: влияние на ресторанный бизнес	4990
1164.	Балахметова Адия Болатқызы	Роль ТОО «Казахстанская атомная энергетическая станция» в содействии решения проблемы энергодефицита Республики Казахстан	4992
1165.	Бекмұхамбетова Іңкәр Маратқызы	Мейрамханалардағы тағам сапасын бақылау жүйелері	4995

1166.	Ғиззат Алтынай Ақанқызы	Культурное наследие как ресурс развития туристской индустрии Республики Казахстан	4999
1167.	Дәурен Айзат	Этно-қонақ үйлер – заманауи туризм мен дәстүрлі мәдениетті ұштастыру құралы ретінде	5003
1168.	Есмахай Фариза	Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту	5009
1169.	Жөкен Баян Асанқызы	Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі	5014
1170.	Жубан Әділжан Қуатұлы	Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері	5022
1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

ауылшаруашылығына үлкен қызығушылық танытып отырғандығын және де болашақта машина жасау, ет өндіру, жем-шөп өндіру, логистика және ауылшаруашылық меркетингіне инвестиция кіргізуді жоспарлап отырғандығы айқын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қытай Халық Республикасы Ұлттық статистика бюросы. (2023). Қытайдың сыртқы сауда статистикалық жылнамасы.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. (2023). Қазақстанның сыртқы сауда жылнамасы.
3. Wang, X. & Chen, J. (2021). Analysis of China–Kazakhstan Agricultural Trade. *Journal of International Economics*, 42(3), С. 45-52 .
4. Liu, Y. (2022). Sino-Kazakh Agricultural Trade under Belt and Road Initiative. *Contemporary Economic Management*, 44(6), С. 98-103 .
5. Zhumanova, M., & Jiang, Y. (2021). China-Kazakhstan Agricultural Trade: Challenges and Opportunities. *Journal of Eurasian Studies*, 12(2), С. 133–144.
6. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі. (2023). Жылдық сауда есебі. Астана.
7. PRC Ministry of Commerce. (2023). Annual Report on China–Kazakhstan Trade Cooperation. Beijing.
8. FAO. (2022). Kazakhstan Country Profile. <https://www.fao.org/faostat/>
9. Aliyev, N., & Wang, J. (2020). Enhancing Agro-Logistics between Kazakhstan and China. *Central Asian Affairs*, 7(1), P. 67–86.
10. Zhang, W. (2023). Green Corridors and Trade Facilitation in China-Central Asia Agriculture. *Agricultural Economics Issues*, 44(9), P. 112-119.

ӘОЖ 339.5

ЖАҒАНДАНУ МЕН ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА СТРАТЕГИЯЛЫҚ САУДА БАҚЫЛАУЫНЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ

Садыкова Сабина Меирбековна

ssadykovvaa@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің 1-курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б. Майдырова

Елдердің экономикалық жағдайы жыл сайын айтарлықтай жаңартулар мен өзгерістерге ұшырайды, бірақ соған қарамастан цифрландыру мен жаһандану қазіргі уақытта өзектілігін жоғалтпайды. Аталған құбылыстар қазіргі заманғы халықаралық сауданың негізгі драйверлері болып табылады. Жаһандану мен цифрландыру процестерінің өзара байланысы әлемдік экономиканың барлық салаларына әсер етеді. Бұл факторлар эволюциялық даму арқылы жаңа, одан да үлкен мүмкіндіктер ашады. Әлемдік сахнада стратегиялық сауда бақылауының дәстүрлі әдістері қазіргі кезде ғаламдық өзгерістерге бейімделе білуі тиіс. Бұл мақалада жаһандану мен цифрландыру жағдайындағы стратегиялық сауда бақылауының жаңа тәсілдері талқыланады, олардың халықаралық саудаға және глобалдық жеткізілім тізбектеріне әсері қарастырылады.

"Жаһандану" ұғымы қоғам өмірінің барлық салаларын: ғылым мен технологияны, экономиканы, саясатты, мәдениетті, идеологияны қамтитын қазіргі әлемнің тұтастығының өсу процесін белгілеу үшін құбылыстардың кең ауқымына қатысты қолданылады. Оның мазмұны адамзаттың тарихи даму процесінде қалыптасқан саяси, экономикалық, мәдени кедергілерді еңсеруден тұрады[1]. Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар мен цифрлық жүйелердің дамуы жаһандану процесін жеделдетіп, әртүрлі елдер арасындағы сауда қатынастарын күрделендірді. Бұл өз кезегінде стратегиялық тауарлар мен қызметтерді

бақылау жүйесінің өзгеруіне әкелді. Тауарларды, қызметтерді және капиталдарды жылжыту процестерін жеделдету көлік және коммуникация технологияларын жетілдірудің арқасында мүмкін болды. Нәтижесінде саудаға қатысушылар саны көбейіп, жеткізу тізбегі кеңейіп, сауда операцияларының құрылымы күрделене түсті. Осыған байланысты жеткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде заңдылық пен ашықтықтың тиімді сақталуына кепілдік бере алатын бақылаудың жаңа модельдерін әзірлеу қажеттілігі туындады. Мысалы, қолданыстағы кедендік бақылау жүйелері тауарлар туралы ақпараттың көлемі мен күрделілігіне, сондай-ақ халықаралық нарықтардағы өзгерістердің жылдамдығына төтеп бере алмайды.

Цифрландыру сауда стратегияларындағы өзгерістердің қозғаушы күші ретінде. Цифрландыру - бұл оның сапасын арттыру және экономиканы дамыту үшін өмірдің әртүрлі салаларына цифрлық технологияларды енгізу. Цифрландырудың міндеті - процесті "икемді" ету [2]. Цифрландыру адами фактордан туындайтын қателіктерді азайтады және сауда процестеріне жедел жауап беруге мүмкіндік береді. Жаңа технологиялар тапсырыстарды өңдеу уақытын қысқартуға, операциялардың дәлдігін және ашықтығын жақсартуға, сондай-ақ жеткізілімдерді басқаруға кететін шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін бұл құбылыстың негізгі құралы ретінде, мысалы, IoT, автоматтандыру, ЖИ секілді жүйелерді қарастыра аламыз.

Деректерді талдау арқылы әлемдік нарықтың белгілі бір сәтте сұранысын түсіне білу және оны өндіріс не бизнес жағдайына жедел түрде икемделе білу жағдайына әкелуі мүмкін. Оған айқын дәлел - COVID-19 пандемиясы. Локдаундар кезеңінде онлайн-сауданың өсуі жаңа цифрлық платформаларды жақсартуға және жаңа жеткізілім әдістерін құруға түрткі болды. Amazon, Alibaba және eBay сияқты платформалар өздерінің ғаламдық желілерімен сауда процестерін өзгертіп, оларды кіші және орта кәсіпорындарға қолжетімді етті. Бұл платформаларды пайдалану халықаралық сатылымдарды арттырды және оларды қолжетімді етті.

Цифрландыру мен глобализацияның дамуы жаңа стандарттар мен механизмдерді әзірлеуді қажет етеді, олар халықаралық саудадағы тез өзгеріп жатқан жағдайларды ескереді. Мұндай жаңа тәсілдердің бірі — блокчейн пайдалану арқылы тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігін растау.

Блокчейн (ағылш. blockchain) - бұл деректер блоктар тізбегіне жазылатын және желінің көптеген компьютерлерінде (түйіндерінде) сақталатын жүйе болып табылатын таратылған тізілім технологиясы. Ол тауарларды жеткізу тізбегіндегі барлық транзакцияларды ашық әрі қорғалған түрде тіркеуге мүмкіндік береді, бұл сенімділік пен бақылаудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Harvard Business Review басылымдарының бірінде осы блокчейнге қатысты жүргізілген талдауға сәйкес, тарих негізгі технологияның ілгерілеуіне және оны бизнесте қолдануға екі негізгі аспект әсер ететіндігін көрсетеді - бұл әлемдік тәжірибеге арналған қосымшаның дәрежесін көрсететін жаңалық пен экожүйенің үйлестіру деңгейімен, яғни технологияны қолдана отырып құндылық құру үшін өзара әрекеттесуі қажет қатысушылардың саны мен әртүрлілігімен анықталатын күрделілік [3]. Ұқсас принциптер көптеген блокчейн қосымшаларына да қатысты.

Жеткізу Тізбегін Басқару (Supply Chain Management) негізінде блокчейнді өнімдердің шығу тегін мөлдір және бақыланатын ету үшін пайдалануға болады. Бұл әсіресе азық-түлік және фармацевтика сияқты салаларда маңызы жоғары: азық-түлік өнеркәсібінде пайдалану тұтынушылардың сенімін арттыруға және сауданың ашықтығын қамтамасыз етуге көмектеседі; ал дәрі-дәрмек саласында контрафактілік өнімдермен күресуде блокчейн дәрі-дәрмектердің түпнұсқалығын тексеруге мүмкіндік береді [4]. Блокчейн сауда сертификациясы мен тауарларды тексеру процестерінде де қолданылып, алаяқтықты азайтып, кедендік бақылауды жылдамдатады, бұл тұтынушылар мен компаниялар үшін жоғары деңгейдегі қорғауды қамтамасыз етеді.

Жасанды интеллект (ЖИ) — бұл компьютерлер мен машиналарға адамға тән ойлау қабілеттерін, түсінік пен үйрену процесін имитациялауға мүмкіндік беретін технологиялық

саласы. ЖИ алгоритмдері ірі деректерді өңдей отырып, сауда трендтерін болжай алады, яғни бұл компанияларға нарықтық өзгерістерге алдын ала жауап беруге мүмкіндік береді. Мысалы, жасанды интеллект арқылы шекаралардағы кедендік рәсімдер мен тауарларды тексеру тиімділігін арттыруға болады, себебі ол анықталған үлгілерді талдап, ықтимал тәуекелдерді алдын ала анықтай алады.

Кәсіпорын құрылғылары мен қолданбаларын пайдаланатын компаниялар желісі кеңейген сайын олардың әртүрлі қауіптерге ұшырауы да артады, өйткені әрбір соңғы нүкте тәуелсіз шабуыл объектісіне айналады. Осыған байланысты қауіпсіздік саласындағы жасанды интеллект тәуекелдерді белсенді түрде жою және қазіргі цифрлық ортаға тән күрделі сын-қатерлерге үнемі бейімделу мүмкіндіктерін ұсынатын өте тартымды шешім болып көрінеді. AI және оны практикалық қолдану арқылы пайдаланушылар ықтимал қауіптер туралы хабарламаларды жедел алу және оларды барынша азайту арқылы өз жүйелерін қорғауға мүмкіндік алады. Бұл жүйелер ұйымдар ішінде жиналған мәліметтер негізінде оқытылады[5]. Әлемдік жасанды интеллект нарығының көлемі 2024 жылы 233,46 миллиард АҚШ долларына бағаланды. Нарық 2025 жылы 294,16 миллиард доллардан 2032 жылға қарай 1 771,62 миллиард долларға дейін өседі деп болжануда, бұл болжамды кезеңдегі орташа жылдық өсу қарқынына (CAGR) 29,2% сәйкес келеді [6]. 2024 пен 2032 жылдарды салыстырғанда болжамды 6 есеге артатын ЖИ нарық көлемі ЖИ технологияларына инвестициялардың өрбуін және бизнес, денсаулық сақтау, қаржы және басқа салаларда инновациялық шешімдердің кеңінен енгізілуін білдіреді.

Көптеген елдер қазіргі уақытта цифрлық валюталарға арналған ғаламдық стандарттарды әзірлеуде, бұл халықаралық төлемдерді жеңілдетуге және қаржылық тәуекелдерді азайтуға көмектеседі. Мұндай жүйелер, мысалы, SWIFT GPI немесе Ripple сияқты, әлем бойынша трансакцияларды жылдам әрі ашық етеді, бұл халықаралық төлемдерге кететін шығындарды және уақытты қысқартады. SWIFT GPI жүйесі дәстүрлі жүйелермен салыстырғанда жылдамдық пен ашықтықты арттырса, Ripple блокчейн технологиясын пайдалану арқылы төлемдердің қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етеді. Осы жүйелердің көмегімен халықаралық төлемдер нарығында ашықтық, жылдамдық және тиімділік артып, әлемдік экономикаға оң әсерін тигізеді.

Экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан стратегиялық бақылау. Қазіргі халықаралық сауда тұрақты даму және әлеуметтік жауапкершілікке бағытталып келеді. Экологиялық бақылау сауда стратегияларының ажырамас бөлігіне айналды. Цифрландыру экологиялық стандарттарды сақтау жүйесін жақсартуға көмектеседі. Мысалы, транспорттау кезінде көмірқышқыл газының шығарындыларын бақылау немесе өнімді өндіргенде халықаралық экологиялық талаптардың сақталуын қадағалау сияқты жүйелер көміртегі ізін азайтып, тұрақтылықты арттыруға ықпал етеді.

General Data Protection Regulation (GDPR) – бұл Еуропалық Одақта 2018 жылдың 25 мамырында күшіне енген деректерді қорғау мен жеке ақпаратты сақтау саласындағы негізгі заңнамалық акт. Оның мақсаты – жеке тұлғалардың деректерін қорғау, ақпараттық қауіпсіздікті арттыру және жеке деректермен байланысты құқықтар мен міндеттерді реттеу. GDPR Еуропалық Одақтың барлық мүше мемлекеттерінде міндетті болып табылады, бірақ оның ережелері бүкіл әлем бойынша әсер етуі мүмкін, себебі ол жеке деректерді өңдеу қызметін көрсететін кез келген ұйымдарға қатысты. Бұл ережелер тек ЕО аумағында орналасқан компаниялар үшін ғана емес, сондай-ақ ЕО азаматтарының деректерін өңдейтін ұйымдар үшін де қолданылады, яғни әлемнің кез келген нүктесінде орналасқан компаниялар осы ережелерді сақтауға міндетті.

GDPR Қазақстанға тікелей қолданылмаса да, Еуропалық Одақ азаматтарының деректерін өңдейтін елдің көптеген ұйымдары мен кәсіпкерлері осы нормаларды сақтауға міндетті. Бұл деректерді қорғау саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс істеуге ұмтылатын қазақстандық ұйымдар мен мемлекеттік мекемелер үшін маңызды аспект болып табылады. Қазақстан мысалында қазіргі күні «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы

көрініс табуда. Осы Заң дербес деректер саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ дербес деректерді жинаумен, өңдеумен және қорғаумен байланысты қызметтің мақсатын, қағидаттарын және құқықтық негіздерін айқындайды[7]. Қазақстанның деректерді қорғау саласындағы заңнамасын GDPR сияқты халықаралық стандарттарға сәйкестендіру процесі әлі де жалғасуда, бірақ бұл заңнаманың дамуы ұлттық және халықаралық деңгейде талаптарды қанағаттандыру үшін үлкен маңызға ие. 2013 жылдан бері Қазақстанда жеке деректерді қорғау бойынша жаңа технологиялар енгізілді, ұйымдарда деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қолға алынды. Бұған арнайы Құқықтық сәйкестік және деректерді қорғау саласындағы консалтингтік қызметтер мен құқық қорғау шараларының артқанын айтуға болады.

Жоғарыда аталып кеткен кибершабуылдар мен деректер қауіптері, бәсекелестік жағдайында әділетсіз сауда тәжірибелері мен негативті нарық өзгерістерінің алдын алу үшін стратегиялық сауда бақылау жұмыстары сәтті бола түсу қажет. Осыған қатысты қарастыра кеткен тақырыпшаларды қысқаша форматта ұсыныс түрде белгілесек:

- Технологияларға инвестициялар: Блокчейн, жасанды интеллект (ЖИ) және заттар интернеті (IoT) сияқты инновациялық технологияларды пайдалану сауда операциялары туралы деректердің ашықтығын және дәлдігін жақсартып, алаяқтық тәуекелдерін азайтады және кедендік рәсімдерді жылдамдатады.

- Халықаралық стандарттарды келісу: Сауда мен бақылаудың тиімділігін арттыру үшін халықаралық біртұтас стандарттарды әзірлеу қажет, бұл бизнестің кедергілерін төмендетіп, тауарлардың шекарадан өту процесін жеңілдетеді.

Стратегиялық сауда бақылауының болашағы цифрлық технологиялардың одан әрі дамуы мен оларды күнделікті тәжірибеге енгізумен байланысты. Болашақта жасанды интеллект пен блокчейн технологияларын пайдалану бақылауды едәуір жақсартып, тауарлардың шығу тегін, сапасын және қауіпсіздігін бақылауды жеңілдетеді, сондай-ақ шекаралар арқылы өту процесін жеңілдетеді. Тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің артуымен «жасыл» сауда, экологиялық сертификаттау және тұрақты өндіріс стандарттарын сақтау мәселелері өзектеніп түседі. Экологиялық және әлеуметтік стандарттарды сақтау бақылау жүйесінің ажырамас бөлігіне айналады.

Жаһандану мен цифрландыру стратегиялық сауда бақылауын қайта қарауды талап етті. Блокчейн, жасанды интеллект және цифрлық платформаларды қолдану арқылы халықаралық сауда процестерінің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға болады. Бірақ бұл жаңашылдықтар жаңа тәуекелдер мен қиындықтарды да туындатуда, олар киберқауіпсіздік, технологияларға тең қолжетімділік пен халықаралық стандарттарды үнемі жаңартуды қажет етеді. Сондықтан елдер мен компаниялар осы жаңа жағдайларға бейімделіп, инновацияларды қолдана отырып, ғаламдық сауданың тұрақтылығын қамтамасыз етуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Перская В.В., Толмачев П.И. Международные экономические отношения в глобальной экономике : учебник для бакалавриата и магистратуры / под общ. ред. И. Н. Платоновой. — М. : Издательство Юрайт, 2019. — 528 с. — (Серия : Бакалавр и магистр. Академический курс).

2. Быть готовым: какие сферы затронет цифровизация [Электрондық ресурс]: <https://invlab.ru/tehnologii/internet-veshhej/>

3. M.Iansiti, KR Lakhani The truth about blockchain. - Harvard business review, p. 7, 2017.

4. Tracking and tracing of goods using pharmaceuticals as an example Gottlieb Duttweiler Institute, Social and Economic Studies, pp. 55-61, 2023. <https://acrobat.adobe.com/link/review?uri=urn%3Aaaid%3Aascds%3AUS%3A10c3bdd3-2e6d-381c-bfb6-454e8aba71c4>

5. ИИ в анализе размера и доли рынка безопасности – тенденции роста и прогнозы (2024-2029 гг.). [Электрондық ресурс]: <https://www.mordorintelligence.com/ru/industry-reports/artificial-intelligence-in-security-market>

6. Artificial Intelligence Market Size, Share & Industry Analysis & Regional Forecast, 2025 – 2032

[Электрондық ресурс]: <https://www.fortunebusinessinsights.com/industry-reports/artificial-intelligence-market-100114>

7. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы.[Электрондық ресурс]: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094>

ӘОЖ 378.004.853

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

Серік Шынар Қажымқанқызы

shynar.serk@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» ББ 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Исаева Б.К.

Соңғы бес жылда Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру жүйесі жедел цифрлық трансформациядан өтті. Әсіресе COVID-19 пандемиясы кезеңінде білім беру үрдісі қашықтан оқыту форматына ауысып, университеттер заманауи цифрлық технологияларды жаппай енгізуге мәжбүр болды.

Қазақстан университеттері білім беру сапасын жақсарту үшін әртүрлі цифрлық шешімдерді қолданады. Ең алдымен, оқытуды басқару жүйелері (LMS) кең таралған. 2021 жылға қарай еліміздегі 100% жоғары оқу орындары қажетті цифрлық инфрақұрылыммен жабдықталған, оның ішінде барлығы дерлік LMS платформаларына қосылған. Жалпы алғанда, 2020–2025 жылдары цифрлық технологияларды енгізу қарқыны өте жоғары болды. Егер 2019 жылға дейін цифрлық оқыту қосымша сипатта болса, пандемиядан соң ол білім берудің ажырамас бөлігіне айналды. Қысқа мерзімде қол жеткізілген 100% цифрландыру деңгейі, Қазақстан жоғары оқу жүйесінің икемділігін көрсетеді (кесте 1). Ендігі басты міндет – осы цифрлық әлеуетті жүйелі дамыту, яғни контенттің сапасын арттыру, оқытушылардың цифрлық құзыретін үнемі жетілдіру және студенттердің білім сапасын жоғары деңгейде ұстап тұру.

Кесте 1. Қазақстанда ЖОО ларында қолданылатын негізгі LMS жүйелерінің үлесі

LMS атауы	Қолданылатын ЖОО саны	Жалпы үлесі
Platonus	60	58,8%
Moodle	25	24,5%
Univer/Canvas/ т.б.	17	16,7%
Барлығы	102	100%

Кестеде көрсетілгендей, Қазақстандық университеттердің шамамен 60-ы отандық Platonus жүйесін, 25-і Moodle платформасын, ал қалған бөлігі Univer, Canvas, Google Classroom сынды басқа жүйелерді пайдаланады. LMS арқылы оқу кестесі, материалдар, бағалау және кері байланыс толықтай цифрлық форматқа өтті.

Бұдан бөлек, онлайн оқыту платформалары кең қолданылды. 2020 жылдан бастап дәрістер Zoom, Microsoft Teams, WebEx және жоғары оқу орындарының жеке әзірлеген жүйелері арқылы өткізіле бастады. Мысалы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мамандары әзірлеген Jinalysroom платформасы арқылы 12 626 пайдаланушы онлайн сабақтарға қатысқан. Сондай-ақ, көптеген университеттер Google Classroom, Microsoft Teams сияқты құралдарды оқу үрдісіне енгізді. Цифрлық платформалар студенттер мен оқытушылардың